

Амангелді ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 64 "Амангелді ауданы аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № 181 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 желтоқсанда № 6057 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына сәйкес, Амангелді ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Амангелді ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 64 «Амангелді ауданы аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4499 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 наурызда «Амангелді арайы» аудандық газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

«Шақпақ ауылы» 12 жолындағы:

«Ауылдық кітапхана ғимараты жанындағы тақта» сөздері «Ауылдың орталық көшесіндегі тақта» сөздерімен ауыстырылсын;

«Горняк ауылы» 16 жолындағы:

«Ауылдық кітапхана ғимараты жанындағы тақта» сөздері «Ауылдың орталық көшесіндегі тақта» сөздерімен ауыстырылсын;

«Жетібай ауылы» 22 жолындағы:

«Медициналық пункт ғимараты жанындағы тақта» сөздері «Ауылдың орталық көшесіндегі тақта» сөздерімен ауыстырылсын;

«Айтбай ауылы» 24 жолындағы:

«Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Нарөлген жалпы білім беретін бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты жанындағы тақта» сөздері «Ауылдың орталық көшесіндегі тақта» сөздерімен ауыстырылсын;

«Қосжан ауылы» 26 жолындағы:

«Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің М.Томашин атындағы Чапай жалпы білім беретін бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты жанындағы тақта» сөздері «Ауылдың орталық көшесіндегі тақта» сөздерімен ауыстырылсын;

«Жаңатай ауылы» 30 жолындағы:

«Амангелді ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің М.Әуезов атындағы Жанатай жалпы білім беретін бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимараты жанындағы тақта» сөздері «Ауылдың орталық көшесіндегі тақта» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А м а н г е л д і

ауданының әкімі

Ж. Таукенов

КЕЛІСІЛДІ:

Амангелді аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрайымы

_____ А. Ибраева